**Алматы телекоммуникация және машина**
**жасау колледжінің жалпы ұжымдық педагогикалық кеңесінің**
**№3 хаттамасы**

*Күні:2023 ж 12 қаңтар*
*Қатысқандар:коллекдж әкімшілігі, колледж ұжымы*
*Қатыспағандар:0*

Күн тәртібінде:

1. 1-семестр қорытындысы бойынша оқу –тәрбие жұмысын ұйымдастыру (үлгерімді, сабаққа қатысуды талдау, аралық аттестациялауды талдау, колледждің оқу жұмысының нәтижелерін мониторингілеу) Директордың ОІЖ орынбасары мен бөлім меңгерушісі
2. 1-курс білімалушыларының бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық портрет және талдау. Білімалушыларды қалыптастыру жолдары. (педагог-психолог)
3. Колледждің тәрбие жұмыстары туралы ақпарат (ТІЖ орынбасары)
4. Колледж білімалушыларының кәсіптік практикасының қорытындылары және 2023-2024 оқу жылындағы өндірістік практиканы ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер(директордың ӨОІЖ орынбасары)
5. 1-семестрдің қорытындысы бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, талдау (Директордың ӘІЖ орынбасары)
6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібімен колледж ұжымын директор Коджахметова А.Б.таныстырып, II жартыжылдықтың басталуымен құттықтады. Өз сөзінде I жартыжылдықта болған іс-шараларға тоқталып, марапат иелерін құттықтады. Химия пәнінің оқытушысы Г.Т.Мустапаева «Ұлт тұлғасы» энциклопедиясына еніп, «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталғанын және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Р.А Таджикулова «Абай оқулары» Республикалық шығармашылық байқауына білімалушысы қатысып, 1-орын алуымен құттықтады.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Директордың ОІЖ орынбасары Макеева А.Ш. сөз сөйлеп, өз есебінде педұжымды колледж мақсаты мен міндетімен таныстырып, инженерлік- педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамына тоқталды.

Магистрлар -20 (28%)

Педагогикалық ұжымның орташа жасы-35 жас

Жас мамандар саны – 7 ( 8,5% )

Зейнеткерлер – 1 (1,4% )

2023-2024 оқу жылындағы колледж бойынша 1-3 курс білімалушылар контингенті мен білім сапасының көрсеткіші бойынша:

Сканировано с CamScanner

Ең төмен көрсеткіш көрсеткен топтар:

291 топ ОНС 1- курс, білім сапасы – 37,5%

284 топ (СРА) 2- курс-28%

268 топ (ЭМРОПЕ) 3- курс – 39%

Үлгермеушілер:

1 курс, 293 топ Милюхина Карина

3- курс, 266 топ Бакиева Дильнура

3- курс, 268 топ Досумбеков Дарын

«Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіші» 1-курс бойынша:

-Орыс тілі мен әдебиеті: 89%

-Қазақстан тарихы-78%

-Дүние жүзі тарихы-76%

-Ағылшын тілі-73%

-Жалпы колледж бойынша білім сапасы-77,4%

-Үлгерімі-99%

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша білім сапасының көрсеткіші

1-курс бойынша:

-Математика-82%

-Информатика-95%

-Химия -75%

-Физика-81%

-География-79%

-Дене тәрбиесі-80%

-АӘД-96,5%

-Жалпы білім сапасы-84%

-Үлгерімі-99%

«Машина жасау» бірлестігі бойынша арнайы пәндердің білім сапасының көрсеткіші

1-3 курс бойынша:

Сканировано с CamScanner

| Оқу тобы | Оқу пәні | Үлгерім % | Сапа % |
|---|---|---|---|
| 285 | КМ 01. Металдар мен конструкциялық материалдар | 100% | 60,57% |
| 285 | КМ 01.Кесу теориясының негіздері | 100% | 60,57% |
| 285 | КМ 01. Машина жасаудағы еңбекті қорғау | 100% | 60,57% |
| 285 | КМ 01. Техникалық сызу | 100% | 60,57% |
| 271 | ПМ 03. Специальная технология | 100% | 31,82% |
| 271 | ПМ 03. Материаловедение | 100% | 31,82% |
| 271 | ПМ 03. Техническое черчение | 100% | 31,82% |
| 275 | КМ 01. Техникалық сызу | 100% | 76% |
| 276 | ПМ 01. Техническое черчение | 100% | 80% |
| 277 | КМ 01. Техникалық сызу | 100% | 62,50% |
| 296 | КМ 01. Техникалық сызу | 100% | 68% |
| 297 | ПМ 01. Техническое черчение | 100% | 60,87% |
| 298 | КМ 01. Техникалық сызу | 100% | 84% |
| 301 | КМ 01. Техникалық сызу | 100% | 87,50% |
| 303 | КМ 01. Техникалық сызу | 100% | 84% |
| | Барлығы | 100% | 64% |

**«Радиотехника және байланыс» бірлестігі бойынша арнайы пәндердің білім сапасының көрсеткіші 1-3 курс бойынша:**

| Оқу тобы | Оқу пәні | Үлгерім % | Сапа % |
|---|---|---|---|
| 296 | КМ 1.Электр жабдықтарының торaптары мен механизмдерін құрастыру, монтаждау, реттеу және жөндеу | 100 | 68 |
| 297 | ПМ 1. Сборка, монтажрегулировка и ремонт узлов механизмов электрооборудования | 100 | 91 |
| 301 | КМ 1.Электромеханикалық және радиотехникалық аспаптар мен жүйелердің құрастыру-монтаждау жұмыстарын орындау | 100 | 87,5 |
| 275 | КМ 1.Электромеханикалық және радиотехникалық аспаптар мен жүйелердің құрастыру-монтаждау жұмыстарын орындау | 100 | 76 |
| 275 | КМ 2. Кабельдік-монтаждау жұмыстарын орындау | 100 | 76 |
| 276 | ПМ1. Выполнение сборочно-монтажных работ электромеханических приборов и систем | 100 | 80 |
| 276 | ПМ 2. Выполнение кабельно-монтажных работ | 100 | 84 |
| 277 | КМ 1.Электромеханикалық және радиотехникалық аспаптар мен жүйелердің құрастыру-монтаждау жұмыстарын орындау | 100 | 88 |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 277 | КМ 2. Кабельдік-монтаждау жұмыстарын орындау | 100 | 66 |
| 281 | КМ 2.Электр жабдықтарына эксплуатациялық қызмет көрсету | 100 | 64 |
| 282 | ПМ 02.Осуществление эксплуатационногообчлуживания электрооборудования | 100 | 64 |
| 262 | ПМ 4. Выполнение комплексной проверки монтажа информационно-коммуникационного оборудования | 100 | 88 |
| 263 | КМ 4. Ақпараттық-коммуникациялық жабдықты монтаждаудың кешенді тексеруін орындау | 100 | 92 |
| 267 | КМ 4. Электр жабдықтарының ақаусыз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету | 100 | 56 |
| | Барлығы | 100% | 75,% |

Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінің 22.11.2023 №139 бұйрығына сәйкес №295 топта топтық жалпылама бақылау жүргізілді.

Мақсаты: - №295 топта педагогикалық қызметтің тиімділігі мен білім сапасын және білім алушылардың сабаққа қызығушылығын зерделеу.

Білім алушылар саны -25, 17-ұл, 8-қыз. Олардың ішінде мотивациясы жоғары -2, оқу үздігі - 1, мотивациясы төмен – 5. Сабақ беретін оқытушылар -17, олардың 4- жас маман. Топтық жалпылама бақылау нәтижесінде 11- оқытушының сабағына қатысып, психологтың тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізілгенін айта келіп, оқу-тәрбие барысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында төмендегі ұсыныстарын айтып өтті:

1. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты мен идеясын үздіксіз жүзеге асыру;
2.Оқытушылардың кәсіби даму үрдісі мен білім сапасын дамыту мақсатында колледждің даму жоспарындағы іс-шараларды үздіксіз дамыту;
3. Білімалушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне, зерттеу дағдыларын қалыптастыруына бағыт беру.

-Келесі сөз кезегі «Пошта байланыс операторы» бөлімінің бөлім меңгерушісі Қайыпбаева Л.М. берілді. Бөлім меңгерушісі «Пошта байланыс операторы» бөлімінің 1 жартыжылдық жұмысы жөнінде есеп берді. Өз есебінде:

*I семестр бойынша орта мектепке ауысқан білімалушылар:*
*1.Берік Қайсар (291 топ) орта мектепке №50-К 03.11.23ж*
*2. Турдахунова Издинар (292 топ) орта мектепке №55-К 29.11.23ж*
*3. Турдахунова Интизар (292 топ) орта мектепке №56-К 29.11.23ж*
*I семестр бойынша жұмысқа орналасуына байланысты оқудан шығарылған білімалушылар:*
*1.Үркінбай Айбол(265 топ) №52-К 15.11.23ж*
*2.Дабылдаева Альбина(278 топ) №54-К 20.11.23ж*

*I семестр соңында:* 240 білімалушымен аяқтағандықтарын, 1-жартыжылдықтағы білім мониторингісімен, 1-жартыжылдықта өтілген ата-аналар жиналысына, оқу-тәрбие үрдісінде қиындық тудырған 293-топ білімалушысы Милюхина Каринамен, 266-топ білімалушысы Бакиева Дильнурмен жасалған жұмыстарға, білімалушылармен өткізілген колледжішілік, қалалық іс-шараларға, білімалушылардың 1-жартыжылдық жетістіктеріне, білімалушылардың өндірістік тәжірибеден өту барысы жөнінде мәлімет берді.

-«Машина жасау» бөлімінің бөлім меңгерушісі Мекебеков Ш.есебін оқыды. Есебінде топтардың құрылымына, топтардың үлгеріміне, бөлім бойынша тәртібі мен үлгерімі төмен білімалушылармен жасалған жеке жұмыстар жөнінде, топтардың әлеуметтік жағдайы жөнінде мәлімет берді.

-«Радиотехника, электроника және телекоммуникация» бөлімінің меңгерушісі Азимханов И.К. Өз бөлімі бойынша берген есебінде 1,2,3-курс білімалушыларының білім деңгейінің мониторингіне,

Сканировано с CamScanner

1-семестр бойынша академиялық демалысқа шыққан және басқа оқу орнына ауысқан білімалушыларға (301-топ білімалушысы Бозарбаев А. оқудан шығарылды, 297-топ білімалушысы Виволанец А. мектепке ауысты, 297-топ білімалушысы Регуренкий Г 136 ОМ ауысты, 268-топ білімалушысы Мелетұлы Д академиялық демалыс алды) тоқталып, қыркүйек-қазан айларында ата-аналар жиналыстары өткізілгендігі, оқу-тәрбие үрдісі барысында қиындық туғызатын білімалушылармен (3-курс 268-топ білімалушысы Досумбеков Д. 1-курс 297-топ білімалушысы Софонов Д. 3-курс 263-топ білімалушысы Жантас С) ата-ана, топ шебері, психолог, бөлім меңгерушісі тарапынан жасалған жұмыс түрлеріне тоқталды.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша колледж психологі Өміргазы Т.Т. 1-курс білімалушыларының бейімделуіне, білімалушылардың әлеуметтік-психологиялық портретіне талдау жасап, білімалушыларды қалыптастыру жолдары жөнінде мәлімет бере келе, жас мамандармен, білімалушылармен өткізілген тренинг түрлеріне тоқталды. 295 -топтың білім сапасын бақылау мақсатында 2023 жылдың 1-15 желтоқсан аралығында колледжішілік бұйрық негізінде бақылау жүргізілгендігі, 295- топта 25 білімалушы бар екендігі, білімалушылар 15-16 жас шамасындағы жасөспірімдер екендігі, топ 10410300 «Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша 1-курс, 295 топта білім алуда екендігі, топ шебері Мекебекова Шынғыс, кураторы Жанайдарова Дина екендігі айтылды. 295-топ білімалушыларының сабаққа қатысу деңгейі жақсы екендігі, күнделікті сабаққа топтың 95-100% қатысатындығы, әлеуметтік құрамы орташа екендігі, материалды жағынан жеткілікті қамтығандығы, топтың жан- жақтан жиналғанына қарамастан, ұйымшыл, бір-бірімен жақсы араласатыны, топтың жалпы танымдық бағыты жақсы екендігі,топ ішінде топ-топқа бөліну бір-бірімен араласпай жүру сыйламау деген сияқты жаман қылықтардан аулақ екендіктері, білімалушылар сабақтан тыс жұмыстарға белсене, бірігіп ұйымдасқан түрде қатысатындығы, колледжішілік іс-шараларға да белсенді араласатындығы айтылып өткен соң, колледж психологі осы топта білім беретін пән оқытушыларына психологиялық кеңес берді.

3. Колледждің тәрбие жұмыстары туралы ақпаратты директордың ТІЖ орынбасары Каниятов З.Б.берді. Өз есебінде тәрбие жұмысының ерекшілігіне, тәрбие жұмысының бағдарламасына, тәрбие жұмысының мақсат-міндеттеріне, 1-жартыжылдықта өткізілген іс-шараларға тоқталды:

-14.10.2023 Есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімшесі полицияның подполковнигі А. Ж. Жүсіпов кездесу өтті. Тақырыбы: нашақорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес және есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты шабуылдар жасағаны үшін жауапкершілік»

-14.10.2023 Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында Түрксіб ауданы жасөспірімдер бөлім бастығы және кураторымен кездесу ұйымдастырылды.

-15.09.23-15.10.23 ж аралғында колледждің ішкі өмірі мен тәрібін таныстыру мақатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

-19.10.2023 ж Түрксіб ауданы бойынша МКБ "Ашық есік күні" форматында кездесу өткізілді.

-19-қыркүйек пен 19-қазан аралығында «Спорт және салауатты өмір салты» атты 30 күндік спорттық іс-шара өткізілді.

-17.10.2023 ж 1-курс студенттері арасында «Жас сарбаз» атты әскери – спорттық іс-шара өткізілді.

- 04.10.2023 ж Ұстаздар күніне арналған «Ұстазыма мың алғыс» атты Республикалық челлендж өткізілді.

-20.10.2023 жылы 1-курс студенттерімен «Теміржол аса қауіпті аймақ» және «Бөтеннің мүлкін ұрлау» тақырыптарында профилактикалық түсіндірме жұмысы жүргізілді.

-25-қазан Республика күніне орай 1,2 курстың білімалушылары арасында «25-қазан Республика күні » тәрбие сағаты өткізілді.

-«Заманауи маманның мемлекеттік тілде сөйлеу мәдениетін дамыту» тақырыбында рухани кездесу кеші өткізілді.

Кездесу кешіне елімізде мемлекеттік тілге жанашырлық танытып, жүрген жерінде қазақ тілінің мәртебесі мен биіктігін айтудан жалықпайтын ұлы тұлғаларымыздың бірі - белгілі қоғам қайраткері, ғалым, тіл жанашыры, «Достық» және «Парасат» ордендерінің иегері Әсылы Әлиқызы Осман және «Қазпошта» акционерлік қоғамы «Алматы почтамты» филиалының

басшысы Садыкова Алтын Бахтыбекқызы шақырылды.
-Тоқтаңыз! Басып кету қаупі бар» акциясы аясында Алматы 1ст. ЖПБ қызметкерлері мен еріктілер бірлесе отырып Алматы 1 және Алматы 2 станциялар аралығында халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, темір жол қауіпсіздігі ережелері бойынша жадынамалар таратылды.
-15.11.2023 жыл 1- курс студенттері арасында «Алтын күз» байқауы өтті.
-Ақын Айгүл Жұмаділ және жас ақын Аян Бақдәулетпен "Қара даладан ұшқан қырандарым" атты поэзия кеші болып өтті. Кешті қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушылары Шынар Абдуваисқызы мен Рауза Әбдікерімқызы ұйымдастырды.
-17.11.2023ж. «Студенттер күніне» орай «Студенттік қатарға қабылдау» мерекелік іс-шарасы өтті.
-13.12.2023 жылы "Ұмытылмас желтоқсан" атты желтоқсан оқиғасының куәгерлерімен кездесу өтті. Кездесуге желтоқсан батырлары Усербаев Бақыт және Раев Сәбит шақырылды.
-26.12.2023 жылы 1-3 курстар арасында "Қош келдің, Жаңа жыл" атты мерекелік іс-шара өтті.
4. Колледж білімалушыларының кәсіптік практикасының қорытындылары және 2023-2024 оқу жылындағы өндірістік практиканы ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер жөнінде директордың ООЖ орынбасары Бектенбаев Б.Ш.сөз сөйледі. Есебінде білімалушылардың саны жөнінде, өндірістік орындарында іс-тәжірибеден өтіп жатқан білімалушыларды қадағалау жұмыстарына тоқталып, «Worldskills» чемпионатынан алынған жетістіктерге, шетелдерден тағлымдамадан өтіп келген өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының жұмыстарына тоқталып өтті.
2023-2024 оқу жылынын басында *958* білімалушы. Қазіргі танда білімалушылар саны *941*.
2023-2024 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша 6 мамандық бойынша *400* білімалушы қабылданды. Оның ішінде 9- сыныптан кейін *883* білімалушы және 11- сыныптан кейін *75* білімалушы кабылданғаны айтылды. 1 -курстар бойынша *400* білімалушы оның ішінде:
2-курстар бойынша *271* білімалушы, 3-курстар бойынша *287* білімалушы, МБ топтар бойынша *886* білімалушы, ППЗ топтар бойынша *72* білімалушы. 2023-2024 оқу жылында барлығы *556* білімалушы дуалды оқыту жүйесіне қамтылды. Маусым айының қортындысы бойынша *07140900 Радиотехника, электроника және телекоммуникация* мамандығы бойынша 25 білімалушы ЖШС «Алма Тел Казахстан», *07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану* мамандығы бойынша 148 білімалушы ЖШС «Алматыэлектртранс», *07150500 - Дәнекерлеу ісі мамандығы бойынша – 22* білімалушы ЖШС «Алматыэнергосервис»
*0713100 - Электр жабдықтары (түрлері бойынша)* мамандығы бойынша 100 білімалушы.ЖШС «Мех электромонтаж» *07141000 - Пошта байланыс – 245* білімалушы АҚ "Казпочта" АФ "Алматинский почтамт", АҚ «Қазпочта» АҚ, «Ақпараттық-логистикалық орталық ЮГ» АФ
Барлығы 556 білімалушы дуалды оқыту бойынша (59%) . Алматинский почтамт АО «Казпочта» әлеуметтік серіктесімізден Мамандығы: 07141000 - Пошта байланысы Біліктілігі: 3W07141001 - Пошта байланысы бойынша 10 білімалушыға сұраныс берілді. АО "Алма Телекоммуникейшнс Казахстан "
Мамандығы: 07140900 - Радиотехника, электроника және телекоммуникация Біліктілігі: 3W07140901 - Телекоммуникациялық жабдықтар мен арналарды электромонтаждаушы бойынша 5 білімалушыға сұраныс берілді. ДЭСД «Казактелеком» . ДЭСД «Казактелеком» .

| № | Себептері | Білім алушы саны |
|---|---|---|
| 1. | Жұмысқа орналасуы бойынша | 3 |
| 2. | Қайта жалпы орта мектепке ауысуы бойынша | 8 |
| 3. | Кешкі мектепке ауысуы бойынша | 0 |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Өсерге тесу бойынша | [illegible] |
| 5 | Өсерден келу бойынша қабылдануы | [illegible] |
| 6 | Басқа оқу орнынан ауысуына байланысты | 4 |
| 7. | Басқа оқу орнынан ауысып келгендер | [illegible] |

2022-2023 оқу жылындаWorldSkills аймақтық чемпионатына 2023 жылы 11 құзыреттілік бойынша қатысып оның ішінде 4 орынға ие болды. 1,2,3, медальон орындарын иеленіп қайтты.

Шанақты жөндеу құзыреттілігі бойынша 4 курс студентіміз WorldSkills Республикалық чемпионатына жолдама алып, Медальон иегері атанып қайтты.

2023-2024 оқу жылында 12 құзыреттілік бойынша колледжіміздің студенттерін WorldSkills аймақтық чемпионатына 2024 қатыстыруға жоспарлауда екенін айтты.

Алдымен WorldSkills аймақтық чемпионатына 2024 ережесіне сәйкес Конкурстық тапсырма берілді.

Наурыз айында колледж ішілік жарыс өткізіліп, іріктеу болады.Іріктеуге сәйкес 1-ші орын алған қатысушысы қалалық чемпионатқа жолдама алады.

Мамандығы 0713100 - «Электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 3W07130101- «Электромонтер (түрлері бойынша)» біліктілігі бойынша білім алып жатқан, аты-жөні туралы кітап тізімде № 22124 тіркелген 3-курс, 268-топ білімалушысы Досумбеков Дарын Сәкиұлының 2023 жылдың 08 желтоқсанында жасаған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне қарсы құқық бұзушылық жасағаны және үстінен сотқа дейінгі тергеу-амалдарының жүруіне байланысты 2024 жылдың қаңтар айынан бастап шәкіртақысын және бір мезгіл ыстық тамақтануын уақытша тоқтатуын сұрады.

5. І-семестрдің қорытындысы бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, талдау жөнінде директордың ОІЖ орынбасары Идирисбекова Г.С.сөз сөйледі. Есебінде әдістемелік жұмыстың мақсат-міндетіне, ПБЖ өткізген декадаларына, біліктілігін арттыру курстарынан өтіп келген педагогтермен жасалынған жұмыстарға, оқытушылар мен білімалушылардың байқауларға қатысуы жөнінде, жас мамандармен жасалынған жұмыстарға тоқталып өтті.

2023-2024 оқу жылының І жартыжылдығында курстан өткен педагогтер тізімі

1.25.09-06.10 аралығында «TALAP» АҚ ұйымдастырған оқытушылардың біліктіліктілігін арттыру курсынан Айтожаева М.З., Маман Қ., Медиахун А.М., Тасболатов Н.К тағылымдамадан өтті.

2.09.10-20.10 аралығында «TALAP» АҚ ұйымдастырған оқытушылардың біліктілігін арттыру курсынан Унтунова Н.К., Бересугуров А.А., Сейтова А.Б., Қанабекова Г.А., Молдакулов О.Т. тағылымдамадан өтті.

3. 13.11-24.11 аралығында Намазбаев Т.С., Дүйсенбай Д.Т. «TALAP» АҚ өткізген «Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыретін дамыту» білім беру бағдарламасы тақырыбында тағылымдамасынан өтті.

4.18.09-29.09.2023 ж. аралығында «Назрбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған оқытушылардың біліктілігін арттыру курсынан Искакова Балнура Аймуханбетқызы тағылымдамадан өтті.

Сканировано с CamScanner

5.02.10-13.10.2023 ж аралығында «Назрбаев Зияткерлік Мектептері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған оқытушылардың біліктілігін арттыру курсынан Қапиятов Заманбек Бедешұлы өтті.

Шетелдерден тағылымдамадан өткен педагогтер:

08.10-12.12.2023 ж аралығында Алматы қаласының білім беру жүйесін дамытудың 2023-2030 жылдарға арналған өңірлік жол картасы шеңберінде шетелде оқытушылардың біліктілігін арттыру ұйымдастырылды.

Чунцин көлік университетіне (Чунцин қ., Қытай) тағылымдамадан өтудің алғашқы ағымына арнайы пән оқытушысы Марат Г.С., өндірістік оқыту шеберлері Салибаева У.Р., Әшірбаев А.А, Қыдырбеков О.Н. IT бағыты бойынша білімдерін арттырды.

08.10-21.10.2023 ж аралығында «Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шеберлері Акжолтаев М.Н., Тасболатов Н.К Директордың Өндірістік оқыту ісі жөніндегі орынбасары

Бектенбаев Б.Ш., Дрезден (Германия) қаласына халықаралық тағылымдамадан өтіп келді.

Бразилия Федеративті Республикасында 27.11-18.12.2023 аралығында «Электр және электромеханикалық жабдықтарды техникалық пайдалану , қызмет көрсету және жөндеу"халықаралық тағылымдамасынан өндірістік оқыту шеберлері Ашенов Е.С., Тұрсынғалиқызы Ж, Сатарова А.Ә өтіп келді.

11.01.2024 жылы колледжде педагогтердің халықаралық тағылымдамасының қорытындысы бойынша қалалық семинар өтті.

Семинар тақырыбы «Германия, Қытай Халық Республикасы, Бразилия елдерінде көлік, ақпараттандыру, энергетика бағыттары бойынша халықаралық тағылымдама»

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында қалалық семинарға қатысқан педагогтер

1.Алматы Менеджмент Университетінің креативті индустриялар орталығы (AlmaU) Алматы қаласы Білім басқармасының тапсырысы бойынша «Алматы қаласын 2030 жылға дейін дамыту перспективасындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы» жобасын іске қосты. 11.10-12.10 күндері "Көлік және Логистика" саласындағы форсайт сессиясына Дүйсенбай Д.Т. қатысты.

2. Унтупова Н.Қ., Медиахүн А.М. «Көпсалалы колледжінде» қалалық семинарға қатысты.

3.Алматы Менеджмент Университетінің креативті индустриялар орталығы (AlmaU) Алматы қаласы Білім басқармасының тапсырысы бойынша «Алматы қаласын 2030 жылға дейін дамыту перспективасындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы» жобасын іске қосты. 23.10-24.10 күндері «Ақпараттық технология және байланыс" саласындағы форсайт сессиясына Сағынбай Ә.С. қатысты.

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы байқаулар

1.Алматы қаласы Білім басқармасы, қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы, «Алматы құрылыс –техникалық колледжі» ұйымдастырған Техникалық

Сканировано с CamScanner

және кәсіптік білім беру ұйымдарының білімалушылары арасында өткізілген «Болашақ формуласы» қалалық ғылыми жобалар байқауына Дүйсенбай Д.Т. білімалушысы Нұрланұлы Сүлеймен қатысып, 1 орын иеленді.

2. WorldSkills Kazakhstan - Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы көлік және байланыс саласы бойынша кәсіби шеберлік республикалық конкурсына белсенді қатысқаны үшін Тасболатов Н.Қ. «Медальон» иегері атанды.

3. 30.11.23ж Алматы қаласының колледж студенттеріне арналған қалалық кәсіби шеберлік конкурсына Медиахүп А.М. білімалушысы Сыдық Алмаспен қатысты.

4.Медиахүп А.М. конкурсқа білімалушыны даярлағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

5.ТжКББ ұйымдарының оқытушылары мен қызметкерлері арасында 11.12.23-12.12.23 күндері өткізілген волейбол жарысына дене тәрбиесі оқытушыларымен бірге өндірістік оқыту шеберлері Унтупова Н.Қ., Айғожаева М.З. қатысты. Айғожаева М.З. мадақтамамен марапатталды.

6.ТжКББ ұйымдарының оқытушылары мен қызметкерлері арасында 11.12.23-12.12.23 күндері өткізілген волейбол жарысында «Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі» 3 орынға ие болды.

7. 294- топ білімалушысы *Асқарова Гүлзарәм* «Шәкәрім мұрасы-ұлт қазынасы» атты қалалық байқауда Шәкәрім шығармаларын оқып, Алғыс хатқа ие болды.

8.Алматы политехникалық колледжінің базасында өткен «Шәкәрім мұрасы-ұлт қазынасы» атты қалалық байқауда 1 курс студенті Али Темірлан «Алғыс хатпен» марапатталды.

9.20023 жылы 29 қыркүйекте №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық – педагогтік колледжінің базасында өткізілген өзге ұлттар арасындағы тілдік құндылықты арттыру мақсатында өткізілген «Тіл-халық қазынасы» қалалық байқауында, 2- курс студенті Бабкина Милана Александрқызы 3 -орынды иеленді.

10.Алматы политехникалық колледжінің базасында өткен «Шәкәрім мұрасы-ұлт қазынасы» атты қалалық байқауда 1- курс студенті Асқарова Гүлзарәм *«Алғыс хатпен»* марапатталды.

11.Алматы қаласы колледждер лигасының қалалық кезеңінде Армрестлинг спорт түрінен ұлдар 2-орын, қыздар 2- орынды иеленді. Жарыс Алматы автомеханикалық колледжінде өтті.

13.Алматы қаласы Ұлттық колледждер лигасының қалалық кезеңінде үстел теннисі спорт түрінен ұлдар 1 орын иеленді. Жарыс Алматы электромеханикалық колледжінде өтті.

14.Алматы қаласы Ұлттық колледждер лигасының қалалық кезеңінде футбол спорт түрінен ұлдар екінші орын иеленді. Жарыс Алматы көпсалалы колледжінде өтті.

Мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесі үшін, Егеменді елдің " Ұлт тұлғасы" кітабының энциклопедиясына шығып, Еңбек даңқы төс белгісімен химия пәнінің оқытушысы Гүлшат Төлепқызы Мустапаева марапатталды.

Сканировано с CamScanner

«Атамекен» Алматы қаласының кәсіпкелер палатасы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Мен-кәсіпкермін» қалалық Гранд турнирінің «Байланыс және ақпарат» бағытындағы финалистері Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінің студенттері Аманжол Өнелім, Әубәкір Аяжан марапатқа ие болды. Жетекшісі өндірістік оқыту шебері Салибаева Улжалгас Рахимбековна.

15.Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі директорының кубогында АКТиМ оқытушылары командасы 3- орынға ие болды.

2023-2024 оқу жылының І жартыжылдығындағы декадалар

13 қараша мен 30 қараша аралығында «Қоғамдық – гуманитарлық» бірлестіктің «Тіл мерейі-ел мерейі» айлығы өткізілді. Жоспарға сәйкес пән оқытушылары ашық сабақтар, кештер, кездесулер, конкурстар өткізді.

Ашық сабақтар

13 қараша мен 30 қараша аралығында «Қоғамдық – гуманитарлық» бірлестіктің «Тіл мерейі-ел мерейі» айлығы басталды.

Апталық аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Рауза Әбдікерімқызы 295- топта «Ұлықбек Есдәулетов «Қара пима» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

«Қоғамдық – гуманитарлық» бірлестіктің «Тіл мерейі-ел мерейі» айлығы аясында, Рауза Әбдікерімқызы мен Шынар Абдиваисовна Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Айгүл Жұмаділ және «Қара дала» газетінің тілшісі Аян Бақдәулетті колледжге шақырып, «Қара даладан ұшқан қырандарым» атты әдеби кеш өткізді.

ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы бойынша «Kreativti Qazaqstan» халықаралық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен ( 10.11.2023-11.12.2023) «Абай оқулары» Республикалық шығармашылық байқауын өткізген болатын.

«Сен де бір кірпіш дүниеге» тақырыбындағы «Ең үздік эссе» байқауына колледжіміздің 2 -курс студенті Аманжол Әнел Талғатқызы қатысып, 1 -орынды иеленді.

294 -топ білімалушысы Али Темірлан «Шәкәрім мұрасы-ұлт қазынасы» атты қалалық байқауда Шәкәрім шығармаларын оқып, алғыс хатпен марапатталды.

Тілдер апталығының аясында 288 -топ,1 -курс білімалушыларымен қазақ әдебиеті пәнінен «Медеу Сәрсекенің өмірі мен шығармашылығы. «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі тақырыбында ашық сабақ өтті.

«Жаратылыстану – математика» бірлестігінің (04.12.2023 – 15.12.2023 ж.)аралығындағы апталығы өтті.

08.12.2023 ж. «Математика, информатика, химия, физика,география » пәндерінен 1- курс білімалушылары арасында колледжішілік олимпиада өтті.

08.12.2023 ж. «Математика, информатика, химия, физика,география » пәндерінен 1- курс білімалушылары арасында колледжішілік олимпиада өтті.

Сканировано с CamScanner

06.12.2023 ж. 1- курс білімалушыларына арналған пәндер бойынша викториналық сұрақтар,ребус, сконворд шешу берілді. Жұмыстар фойеде тақтада ілініп тұрды.

13.02.2023ж. География пәнінің оқытушысы Искакова Б.А. 292 -топпен «Адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешудегі әлемдік тәжірибе» атты Ашық сабақ өтті.

14.12. 2023 ж. Информатика пәнінің оқытушысы Адилова А.Е.«Қызықты Информатика » тақырыбына сыныптан тыс іс-шара өткізді.

14.11.2023 жылы Халықаралық қазақ қытай колледжі ұйымдастырған Колледж студенттері арасында өткен II кезекті «Шет тілінің шебері» атты қалалық олимпиадаға 280 -топ білімалушысы Аманбек Айгүл бірінші турға қатысып, 35 ұпай жинап олимпиаданың екінші кезеңіне жолдама алды. Олимпиаданың екінші кезеңі 24.11.2023 күні аталған колледжде болды. Білімалушы бұл турда 37 ұпай жинап шықты. Нәтижесінде II кезекті «Шет тілінің шебері» атты қалалық сайысында белсенділік көрсеткені үшін 280- топ білімалушысы Аманбек Айгүл және жетекші Сертификатпен марапатталды.

Жас мамамандар мектебінің жұмысы

Жас мамандардың тізімі

| № | Тәлімгерлердің аты-жөні | Жас маманның аты-жөні |
|---|---|---|
| 1 | Қуат Аян Қуатұлы | Айгожаева Мақпал Зейнадилқызы |
| 2 | Сугурбекова Назым Бейсенбековна | Уәлиханова Гүлзура Сайлаубекқызы |
| 3 | Ашенов Ержан Саулебаевич | Сағынбай Әділ Сағынтайұлы |
| 4 | | |
| 5 | Бекеева Гульжамал Дауылбаевна | Қалтай Елжас Керімтайұлы |
| 6 | Нұрдаулет Айжан Отарбекқызы | Әбілғазы Аяулым Турсынқызы |
| 7 | Джакешова Гульбахрам Анваровна | Ахтанбай Нұрбол Зекенұлы |
| 8 | Бапанова Арайлым Қайратқызы | Тойчина Гүлназ Зинурқызы |
| 9 | Салибаева Улжалгас Рахимбековна | Шералиева Жанель Жәнібекқызы |

1.Жас маман өндірістік оқыту шебері Сағынбай Әділ Сағынтайұлы «ТАЛАП» коммерциялық емес Акционерлік қоғамы ұйымдастыруымен өткен біліктілігін арттыру курсынан өтіп, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбында 07.12.2024 жылы колледжішілік тағылымдамадан өткен әріптестердің тәжірибе бөлісуі үшін ұйымдастырылған семинарда баяндама оқыды.

08.12.2023 ж жас мамандармен педагог-психолог Өмірғазы Талшын Талғатқызы «Менің ұжымым» атты тренинг өткізді. Әдіскер Е.Б. Сатаева семинар барысында «Сабақты өзіндік талдау және білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа озық әдістер» атты баяндама оқып, жас мамандардың тәжірибесін жетілдіру мақсатында «SMART» технологиясымен таныстырды.

26.10.2023 жылы директордың ӘІЖ орынбасары Идирисбекова Г.С. жас мамандарға сабақ жоспарын құру, портфолио үлгісін жасау жөнінде семинар өткізді.

Сканировано с CamScanner

24.11.2023 жылы «Қоғамдық-гуманитарлық» апталығы аясында жас маман Уәлиханова Гүлзура Сайлаубекқызы «Who knows English well?» (Ағылшын тілін кім жақсы біледі?) тақырыбында 1-курс білім алушыларының арасында сыныптан тыс іс-шара өткізіп. 21.11.2023 жылы 294-топпен «Vitrual reality» (Виртуалды шындық) атты ашық сабақ өткізді.

Арнайы пән оқытушысы Шералива Ж.Ж., Уәлиханова Гүлзура Сайлаубекқызы 288. 290-топтарымен "Жастар нашақорлыққа қарсы" атты ашық тәрбие сағатын өткізді.

«Жаратылыстану –математика» пәндер бірлестігі апталығы аясында 15.12.2023 ж. Жас мамандар Қалтай Елжас мен Ахтанбай Нурбол Сыныптан тыс іс-шара «Интелектуалды ойын» өткізді.

6.Әр түрлі мәселеде " Білім туралы және 20108.07.04 № 171-6 толықтырулар туралы "Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 Бұйрығы ҚР ӘМ 2023 жылғы 16 тамызда № 33285 "Білім беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы"- білім беру ұйымындағы әдістемелік жұмыс» туралы заңына сәйкес жас маман мектебі туралы ережесін құру талқыланды.

Шешімі:

1. 1-семестр қорытындысы бойынша оқу –тәрбие жұмысын ұйымдастыру дұрыс деңгейде жасалды деп есептеліпі, 295-топқа сабақ беретін оқытушылар есеп барысында айтылып өткен ұсыныстармен жұмыс жүргізсін.
2. 1-курс білімалушыларының бейімделуі бойынша психолог тарапынан жасалынған жұмыстар ескеріліп, психологиялық жағынан оқу –тәрбие үрдісіне қиындық тудыратын білімалушылармен жұмыс жалғастырылсын.
3. 1-жартыжылдықта жүргізілген тәрбие жұмыстары ескеріліп, директордың ТІЖ орынбасары тәрбие үрдісін жақсарту мақсатында айтылған ұсыныстары топ шеберлері мен кураторлары тарапынан ескерілсін.
4. Колледж білімалушыларының кәсіптік практикасының қорытындылары есепке алынып, өндіріс орындарында іс-тәжірибеден өтіп жатқан білімалушылар өндірістік шебері тарапынан қадағалансын.
5. 1-семестрдің қорытындысы бойынша әдістемелік жұмыс ескеліп, әдістемелік жұмыстар жандандырылсын.
6. Әр түрлі мәселеде қаралған жұмыстар бекітілсін.

Колледж директоры Коджахметова А.Б.

Хатшы Сатаев Е.Б.

Сканировано с CamScanner